



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

12.10.2020 № 126

**Мемлекеттік қызметтерді  
сапалы орындау бойынша  
жауапты тұлғаларды  
тағайындау туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 07-51 бұйрығына және білім беру саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасына ішкі бақылауды жүзеге асыру мақсатында аппарат басшысының орынбасары Ж.Жұмағұловтың 2020 жылғы 9 сәуірдегі № 247-қж ресми жазбасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Білім саласында көрсетілетін мемлекеттік қызмет сапасына және уақытылы қабылдауға «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) төмендегі қызметкерлер жауапты болып тағайындалсын:

**1. Кулушпаева Жаныл Ашмухановна** – әкімшілік бөлімінің басшысы:

- мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымдарына орналасу конкурсына қатысу үшін құжаттарды қабылдау;
- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларға біліктілік санаттарын беру (растау) үшін аттестаттаудан өткізуге құжаттар қабылдау.

**2. Аманкельдиева Асыл Аманкельдиевна** - жалпы орта білім берудің мазмұны мен әдістеме бөлімінің басшысы:

- мүмкіндіктері шектеулі балаларды психологиялық-медициналық-педагогикалық тексеру және оларға консультациялық көмек көрсету;
- дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу;
- бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау;
- бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық

бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау;

- негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру;

- негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;

- «Дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді оңалту және әлеуметтік бейімдеу»;

- балаларды жалпы білім беретін оқу орындарының арасында ауыстыру үшін құжаттар қабылдау.

**3. Билалова Айдын Саруаровна** –қосымша білім беру және кәмілетке толмағандарды әлеуметтендіру бөлімі басшысының м.а.:

- балаларға қосымша білім беру бойынша қосымша білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау;

- аз қамтылған отбасылардағы балалардың қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру.

**4. Басыгараева Салтанат Кайратовна** - техникалық және кәсіптік білім беру бөлімінің басшысы:

- техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдарға құжаттар қабылдау;

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беретін ұйымдар білім алушыларға жатақхана ұсынуы;

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау;

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру;

- техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру бойынша конкурсқа құжаттарды қабылдау;

- техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну;

- білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру.

**5. Джусупова Гулим Асгатовна** – қорғаншылық және қамқоршылық бөлімінің басшысы:

- жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу;

- қамқоршыларға немесе қорғаншыларға жетім баланы (жетім балаларды) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы (балаларды) асырап-бағуға жәрдемақы тағайындау;
- кәмелетке толмаған балалардың мүлкіне иелік ету және кәмелетке толмаған балаларға мұра ресімдеу үшін анықтамалар беру;
- баланы (балаларды) патронаттық тәрбиелеуге беру және патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап-бағуға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау;
- бала асырап алуға тілек білдірген адамдарды есепке қою;
- қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру;
- жетім баланы және (немесе) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы асырап алуға байланысты біржолғы ақшалай төлемді тағайындау;
- балаға кері әсер етпейтін ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарға баламен кездесуіне рұқсат беру;
- баланы (балаларды) қабылдаушы отбасына тәрбиелеуге беру және оларды асырауға ақшалай қаражат төлеуді тағайындау;
- он жасқа толған баланың пікірін есепке алу туралы қорғаншылар мен қамқоршылар органдарының шешімін беру.

**6. Ережепова Айгүл Қайратовна**- мектепке дейінгі тәрбие және оқыту бөлімінің басшысы:

- мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою;
- мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау.

**7. Шиганов Тамерлан Тимурович** - мемлекеттік сатып алу және инфрақұрылымды дамыту бөлімінің басшысы:

- жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Басқарма басшысының орынбасары Д. А. Шоғанбайға жүктелсін.

**Басқарма басшысы**

*Handwritten signature*

**Ш. Кадырова**

*Handwritten signature*

**Танысты:**

Кулушпаева Жаныл Ашмухановна



Басыгараева Салтанат Кайратовна



Джусупова Гулим Асгатовна

Ережепова Айгуль Кайратовна



Аманкельдиева Асыл Аманкельдиевна



Билалова Айдын Саруаровна



Шиганов Тамерлан Тимурович

